

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ШЫГЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

· Занды тұлғаға
(филиал мен екіншікке)

2020 ж. «14» 08 тіркелді

Күрылтай күштілдерге (ережеге) енгізілген
өзгертулер мен толықтырулар

БСН 080940 007 744

Ұлан ауданы әкімдігінің
2020 жылғы «4» маусым
№239 қаулысымен бекітілді

«Ұлан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Ұлан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады, Ұлан ауданы аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары саласында басшылықты жүзеге асырады, сонымен қатар тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бүйіркітарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 071600 Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, Абай алаңы, 5.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - «Ұлан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

10. Бөлімнің құрылтайшысы «Ұлан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады, БСН 980840000902, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу 2008 жылғы 09 сәуірдегі № 93-1917-11-ММ.

11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлімнің қызметін каржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Бөлімге кесіпкерлік субъектілерімен бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

14. Бөлімнің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

15. Бөлімнің миссиясы: Ұлан ауданы аумағында тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй қорын, сонымен қатар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдарын басқарудағы мемлекеттік бақылау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

16. Бөлімнің міндеттері:

- 1) аудан аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары жағдайына бақылау жасайды;
- 2) мемлекеттік тұрғын үй қорының есебін жүргізеді;
- 3) тұрғын үй қоры саласындағы бақылауды жүзеге асырады;
- 4) тұрғын үй қорының сақталуын және жөндеуді қамтамасыз етеді;
- 5) тұрғын үй және тұрғын үй қорын пайдалану саласында азаматтардың құқықтарының сақталуына бақылау жасайды.

17. Бөлімнің функциялары:

- 1) бірыңғай тұрғын үй саясатын жүргізуі қамтамасыз етеді;
- 2) мемлекеттік тұрғын үй қорын түгендеу;
- 3) жеке меншік пәтерлер кооперативтерінің, энергиямен қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету кесіпорындарының қызметтерін үйлестіру;
- 4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуі қамтамасыз етеді;
- 5) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастырады;
- 6) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сумен қамтамасыз ету және су қайтару субъектілерін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;
- 7) жылу желілерін дайындауды және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруды және олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады;
- 8) аудан тұрғындарын, бюджеттік ұйымдарды отынмен, электр энергиямен, су және газбен қамтамасыз етуге, әлеуметтік мәдени-тұрмыстық және коммуналдық шаруашылық объектілері мен тұрғын үйлерді қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындау сұрақтарын шешуге ықпал жасау;
- 9) ауданның су құбырларын, тазарту құрылыштарын, жылу мен электр желілер объектілерінің пайдалануды ұйымдастырады;
- 10) автомобиль жолдар желісін дамытуды қамтамасыз ету, жол құрылыштық және жөндеу жұмыстарының барлық түрін ұйымдастыру;

- 11) жергілікті атқарушы органдардың жолауши көлігі қызметіне бірыңғай тапсырысшы функциясын орындау, жолаушыларды тасымалдауға меншіктің барлық түріндегі тасымалдаушылармен шарттар жасау;
- 12) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушылар тасымалын ұйымдастырады;
- 13) аудандық маңызы бар жолдарды салуды, пайдалануды және күтіп ұстауды ұйымдастырады;
- 14) ауданның елді мекендерін көріктендіру, санитарлық тазалау және көгалдандыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және бақылауды жүзеге асыру;
- 15) қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру мәселелерін шешеді;
- 16) ауданның елді мекендерінде көшедегі жарықтандыру жұмыстарын қамтамасыз ету;
- 17) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беруге оған мұқтаж азаматтарды есепке алу;
- 18) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беруге оған мұқтаж азаматтарға пайдалауға беруді ұйымдастыру;
- 19) елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша тұрғын үй инспекциясының жұмысын ұйымдастыру.
18. Бөлімнің құқықтары мен міндеттері:
- 1) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудан басшыларына қарауға ұсыныс енгізу;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген құзыреті шеңберінде Бөлім қызметіне қатысты мәселелерді қарау және бірлесіп атқару үшін ауданның өзге жергілікті атқарушы органдары бөлімдерінің қызметкерлерін қатыстыру;
- 3) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңес өткізуге бастамашылық ету;
- 4) өз функцияларын орындау үшін өзге мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдардан және олардың басшыларынан, азаматтардан Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген құзырет шегінде қажетті ақпаратты сұрау;
- 5) Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес беру;
- 6) жеке және заңды тұлғалардың ресми сұранымы болған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпаратты ұсыну;
- 7) Бөлімнің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындау.

3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

19. Бөлімді басқару «Ұлан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырылады.

20. Бөлімнің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлан ауданының әкімі қызметке тағайындалады және қызметтен босатады.

21. Бөлімнің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. Бөлім басшысының өкілеттігі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатады;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін қөтермеледі және тәртіптік жазаға тартуды жүзеге асырады;

3) өз құзыреті шегінде бүйрек шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттамаға қол қояды;

4) бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда, басқа үйымдарда «Ұлан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекеме мүддесін білдіреді;

6) Ұлан ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат санының лимиті мен құрылымы шегінде Бөлімнің штат кестесін бекітеді;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша қажетті шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;

8) ерлер мен әйелдердің олардың тәжірибелеріне, мүмкіндіктеріне және кәсіби дайындықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тәң қолжетімдігін қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Бөлімнің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындалады.

4. Бөлімнің мұлқі

23. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлқі болуы мүмкін.

Бөлімнің мұлқі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Бөлімге бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада және осы Ережеде өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

26. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлімге қарасты ұйымдардың тізбесі

1. Ұлан ауданы әкімдігінің «Молодежный» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.
2. Ұлан ауданы әкімдігінің «Коммунальник» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.



Немірленген, бауланған
~~бала~~ парақ.

Күжаттық қамтамсыз ету және
бөлімінің бас маманы

Turj. А. Гайсина

2020 ж.

